

Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережені бекіту туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 13-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 қазанда № 3352 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 1 тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ереже бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

A. Иманғалиев

Облыстық мәслихат хатшысы M. Құлшар

2013 жылғы 10 қазандағы № 13-4
Батыс Қазақстан мәслихатының
облыстық шешімі мен
бекітілген

**Батыс Қазақстан облысының
(қаланың, ауданының)
Құрмет грамотасымен
наградтау туралы
Ереже**

1. Осы Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ереже "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) Құрмет грамотасымен наградтаудың тәртібін белгілейді.

Батыс Қазақстан облысының жергілікті өкілді органдары Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуына, достық пен қоғамдық келісімді нығайтуға қосқан үлесі үшін Қазақстан

Республикасының және шет елдердің, облыстың (қаланың, ауданың) жеке және занды тұлғаларының қоғамға сіңірген еңбегін бағалау мақсатында Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданың) Құрмет грамотасын тағайындаиды.

Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданың) азаматтары экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, білім берудегі, әскери және қоғамдық, мемлекеттік қызметте, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты және мәдени байланысты нығайтуды іске асыруда табысты еңбек еткен, қайырымдылықпен айналысатын және облыстың (қаланың, ауданың) алдында өзге де елеулі жетістіктері үшін олардың облыстың (қаланың, ауданың) алдында сіңірген еңбегінің танылуының белгісі ретінде Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданың) Құрмет грамотасымен наградталады.

Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданың) Құрмет грамотасымен Батыс Қазақстан облысына (қалаға, ауданға) еңбек сіңірген шет ел азаматтары да наградталуы мүмкін.

Құрмет грамотасымен шығармашылық ұжымдар халықтар арасындағы мәдени байланыстарды, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға ықпалын тигізген гастрольдік сапарларының нәтижелері бойынша наградталуы мүмкін.

Т о л ы қ а т а у ы :

қазақ тілінде: Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданың) Құрмет грамотасы; орыс тілінде: Почетная грамота Западно-Казахстанской области (города, района).

2. Құрмет грамотасы екі бетте қатты қалың қағаздан жасалады. Құрмет грамотасының алғашқы бетінің жоғарғы жағына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленеді және "Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданың) Құрмет грамотасы" деген сөз мемлекеттік тілде жазылады.

Құрмет грамотасының сол жақ және оң жақ бетін аударғанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы бейнеленіп, оң жақ бетінің жоғарғы жағына мемлекеттік тілде "Құрмет грамотасы" деген жазу жазылады және оң жақ бөлігіне наградталатын адамның мемлекеттік тілдегі аты-жөні, тегі, сіңірген еңбегін жазу үшін арнайы орын қалдырылады. Құрмет грамотасы алғашқы бетінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген көгілдір папкаға салынады.

3. Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданың) Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешім облыстың (қаланың, ауданың) әкімінің ұсынуымен облыстың (қаланың, ауданың) тиісті мәслихаттарымен сессияда қабылданады.

4. Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданың) Құрмет грамотасы облыстың (қаланың, ауданың) әкімімен немесе оның орынбасарларымен, облыстың (қаланың, ауданың) мәслихат хатшысымен салтанатты жағдайда табыс етіледі.

Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданың) Құрмет грамотасымен наградтауға үміткерлер бойынша ұсыныстарды еңбек ұжымдары, өндіріс орындары, жергілікті атқарушы және өкілді органдар, қоғамдық ұйымдар, жергілікті өзін-өзі

басқару

органдары

ұснады.

5. Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) Құрмет грамотасымен наградтау үшін Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) әкімі аппаратына немесе Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) мәслихатының аппаратына келесідей

құжаттар

ұснылады:

1) еңбек ұжымының қолдау хаты, (қоғамдық үйымдардан, өзін-өзі басқару орғандарынан) ;

2) заңды тұлға үшін – ұсыныс, (жергілікті атқарушы немесе жергілікті өкілді орғандардан) ;

3) қолдау хатқа немесе ұсынысқа Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) дамуына сіңірген еңбегі мен қосқан үлесі көрсетілген мінездеме жалғануы тиіс.

6. Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) Құрмет грамотасымен наградтау жөніндегі келіп түскен құжаттар, ұсыныстарды алдын ала қарап, дайындау үшін облыс (қала, аудан) әкімдігі жанынан құрылған награда жөніндегі комиссияның отырысина

жолданады.

7. Наградтау жөніндегі құжаттар Батыс Қазақстан облысының (қаланың, ауданының) жергілікті атқарушы және жергілікті өкілді органдарында сақталады.